

**BULLETIN OF NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES  
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

ISSN 1991-3494

Volume 2, Number 366 (2017), 55 – 60

**G. N. Zhylysbayeva<sup>1</sup>, A. K. Amirbekova<sup>1</sup>, A. B. Bayeshov<sup>2</sup>, A. S. Kadirkayeva<sup>2</sup>, M. Zh. Zhurinov<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>Kh. A.Yassawi international kazakh-turkish university, Turkestan, Kazakhstan,

<sup>2</sup>D. V. Sokolsky institute of fuel, catalysis and electrochemistry, Almaty, Kazakhstan.

E-mail: gulkhan.zhylysbayeva@ayu.edu.kz, amirbekova\_aika@mail.ru, bayeshov@mail.ru,  
altinay\_aidyn2789@mail.ru

**OBTAINMENT OF CALCIUM CHLORATE  
BY ELECTROCHEMICAL METHOD**

**Abstract.** This article describes a method for producing calcium chlorate by electrochemical method from calcium chloride solution. In this paper we studied the electrochemical method obtaining of chlorate-ions, as it has several advantages compared with the chemical method. The study established the mechanism of electrochemical oxidation process of chloride ion to hypochlorite ions, then the ions hypochlorite ions to chlorate ions. The investigation results showed that the maximum current output of formed chlorate-ions takes place at pH = 6. It is shown that an increase in the anodic current density on the graphite electrode from 200 to 1000 A/m<sup>2</sup>, the current efficiency of formed chlorate-ions reduced from 67% to 25%, but at higher concentrations of calcium chloride in the range of 60-140 g/l it increased to 82%. Chlorates of calcium and magnesium are widely used in agriculture as a defoliant and desiccant. In our country, chlorates of calcium and magnesium are used to harvest cotton leaves before the assembly, and for drying cotton balls.

**Keywords:** chlorate, hypochlorite, electrochemistry, process, mechanism, electrolyte, electrolysis, diffusion, a cathode, an anode.

ӘОЖ 546.4/135

**Г. Н. Жылышбаева<sup>1</sup>, А. К. Эмірбекова<sup>1</sup>, А. Б. Баешов<sup>2</sup>, А. С. Кадирбаева<sup>2</sup>, М. Ж. Жүрінов<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>К. А. Ясауи атындағы Халықаралық қазак-түрк университеті, Түркістан, Қазақстан,

<sup>2</sup>Д. В. Сокольский атындағы Жанармай катализ және электрохимия институты, Алматы, Қазақстан

**КАЛЬЦИЙ ХЛОРАТЫН АЛУДЫҢ  
ЭЛЕКТРОХИМИЯЛЫҚ ТӘСІЛІН ЖАСАУ**

**Аннотация.** Кальций хлориді ерітіндісін электролит ретінде пайдаланып, электрод кеңістіктері бөлінбеген жағдайда электролиз жүргізу арқылы кальций хлоратын алу жолы көрсетілді. Хлорид-иондарының графит электродында гипохлорит-иондарына дейін және ары қарай хлорат-иондарына дейін анодты тотығуының нәтижелері көлтірілген. Хлорат-иондарының түзілуінің ток бойынша шығымының максималды мәні ерітілдіре pH=6 болған кезде орын алғыны анықталды. Графит анодындағы ток тығыздығын 200-1000 A/m<sup>2</sup> интервалында езгертуken кезде хлорат-иондарының ток бойынша шығымының 67%-дан 25%-ға дейін төмендейтін көрсетілді. Ерітіндідегі кальций хлоридінің концентрациясын 60-140 г/л аралығында езгерту алынатын өнімнің ток бойынша шығымының 82%-ға дейі өсуіне экелді. Хлораттың түзілу барысында хлорид-иондарының химиялық жолмен тотығу да орын алғыны анықталды. Ерітінді температурасын жоғарылатқан сайын ток бойынша шығымының артуын ерітінді құрамындағы молекулалардың активтілігінің артуымен және иондар қозғалыштығының жоғарылауымен, олардың әрекеттесу жылдамдығының артатындығымен түсіндіруге болады. Электролиздің тиімді жағдайларында ( $i_a=200\text{ A/m}^2$ ;  $t=40^\circ\text{C}$ ;  $\text{pH}=6,0$ ;  $C_{\text{CaCl}_2}=100\text{ g/l}$ ) кальций хлораты түзілуінің ток бойынша шығымы 67,0% тен болатындығы анықталды.

**Түйін сөздер:** хлорат, гипохлорит, электролиз, процесс, механизм, электролит, тотығу, диффузия, катод, анод.

Хлордың оттекті қосылыстары – ағартқыштық, тотықтырғыштық қасиеттерінің болуына байланысты техникада және халық шаруашылығында көп қолданысқа ие болып келеді. Хлордың жоғары оттекті қосылыстарына – хлораттар, перхлораттар және хлор қышқылы жатады, өндірісте бұл қосылыстардың соңғы жылдардағы даму аймағы кеңеюде [1-3]. Алдымен хлораттарды Либих әдісі бойынша химиялық жолмен алған: яғни ізбес сүтін хлорлау арқылы кальций хлоратын алып, ары қарай натрий хлоратына айналдырған немесе натрий гидроксидінің ерітінділерін хлорлау арқылы сәйкесінше хлораттардың ерітінділерін алған. Хлораттарды электрохимиялық жолмен өндіру әдістері, химиялық әдіспен салыстырғанда бірқатар артықшылықтары бар, сондықтан казіргі кезде көбінесе бұл қосылыс электрохимиялық әдіспен алынып жүр [4-6].

Кальций және магний хлораттары ауыл-шаруашылығында дефолиант және десикант ретінде қолданысқа ие. Біздің елімізде кальций және магний хлораттары мақта жинау алдында жапырақтарын алып тастау үшін және қозасын кептіру үшін қолданылады [7, 8].

Хлорлау үдерісі келесі реакция бойынша жүреді:



Кальций хлоратының ерітінділерін ізбес сүтін хлорлау арқылы немесе негізгі кальций хлораты мен хлоридін белу арқылы концентреудің немесе тазартудың көптеген әдістері ұсынылған [9].

Кальций хлоратының концентрациясын жоғарлату үшін және хлорат-хлорид қатынасын хлорат есесіне есейту үшін тазартудың химиялық әдістері қолданылады, яғни кальцийдің жарты бөлігін сода көмегімен карбонат түрінде тұндыру арқылы жүзеге асады.



Мұндай жағдайда кальций карбонаты және натрий хлоридінің қомақты болілігі тұнба болып түзіледі. Тұнбаны боліп алған соң хлорат-хлорид кальцийлі дефолиант ерітіндісін алынады [10-13].

Электрохимиялық тәсілдерді қолдана отырып қалдықсыз технология жасауға болады. Осыған байланысты біздің ұсынып отырған ғылыми зерттеу жұмысының мақсаты қалдықсыз технологияны жүзеге асыру негізінде, электрохимиялық тәсілмен кальцийдің бейорганикалық қосылысы – кальций хлоратын алу және алу әдісінің оңтайлы жағдайларын қарастыру болды. Осы мақсатта эксперименттер көлемі 400 мл, шыны электролизерде жүргізілді. Электрод ретінде аудандары 4,3 және 5,5 см<sup>2</sup> графит электродтары қолданылды, екі электрод бір-бірінен 0,5 см, ара қашықтықта орналасырылды. Электролит ретінде, өндіріс қалдығы болып табылатын кальций хлориді ерітіндісі алынды.

Анодта бөлінетін хлордың жылдам ұшып кетуіне кедергі жасау үшін электролизер ішіне органикалық шыныдан жасалған, майда тесікшелері бар дөнгелек қабаттар орналастырылды. Электродтарды эр тәжірибе алдында зімпара қағазымен тазалап, дистилденген сумен және этил спиртімен шайып, кептіріп электролизге дайындалды. Жүргізілген тәжірибе нәтижелері кальций хлоридінің сулы ерітіндісін электрод кеңістіктері бөлінбеген жағдайда электролиз кезінде кальций хлоратының түзілестіндігін көрсөтті. Кальций хлоратының концентрациясы әр эксперименттен кейін химиялық титрлеу әдісі арқылы анықталып отырылды [14].

Кальций хлоридінің ерітіндісінде графит электродтарын қолданып электролиз жүргізген кезде – анодта хлордың, ал катодта – сутек газының боліну реакциялары орын алады:



Бірінші сатыда анодтың және катодтың өнімдердің электролит көлемінде эсерлесу нәтижесінде, ерітіндінің pH мәніне қарай – гипохлорит иондары немесе хлорлылау қышқылы түзіледі:




Соңғы қосылыстың аз диссоциацияланатын, мұндай жүйедегі ClO<sup>-</sup> иондарының концентрациясы, ерітіндінің pH мәніне тәуелді болады [15, 16].

Кальций хлоратын электрохимиялық механизм бойынша алу кезінде алғашқы анодта ClO<sup>-</sup> иондарының анаты разрядталуы орын алады:



$\text{ClO}^-$  - иондарының хлорат иондарына айналуын схема түрінде келесі жиынтық тендеумен бейнелеуге болады:



$\text{ClO}^-$  иондарының  $\text{ClO}_3^-$  иондарына дейін электрохимиялық тотығу реакциясын келесі турда де ете алады:



Жалпы хлораттың түзілу процесіндегі электрохимиялық процеске келетін үлес, анодқа жақын гипохлорит иондарының концентрациясына тәуелді болады. Оны электролиттің pH мәнін, оның температурасын, электролиттің меншікті көлемін бір жүктемеге сай өзгерте отырып, сонымен катар анодқа гипохлорит иондарының диффузиялануын шектей немесе қынданда отырып кемітүге болады.

Ерітіндіде түзілген гипохлорит және хлорлылау қышқылы өзара әрекеттесіп мына химиялық реакция бойынша хлорат иондары түздеді:




(10) және (11) реакцияларының жүруіне электролиттің әлсіз қышқылды реакциясы және температураның жоғарылауы жағдай жасайды.

(10)-реакциясының максимальды жылдамдығы pH=7 кезінде орын алады, ал (11)-реакция жүруі үшін pH=7,6 болуы керек. (10) және (11) реакциялардың жылдамдық константалары бір-біріне жақын [17, 18].

Біздің зерттеулеріміз, кальций хлоридінің хлоратқа дейін электрохимиялық тотығу процесі электролиттің pH мәнінен тікелей тәуелді екендігін көрсетті.

1-суретте кальций хлораты түзілүінің ток бойынша шығымының ерітіндінің pH мәнінің әсері көрсетілген.




$$i_a = 200 \text{ A/m}^2; \text{CaCl}_2 = 100 \text{ g/l}; t = 40^\circ\text{C}; \tau = 0,5 \text{ сағ.}$$

1-сурет – Кальций хлораты түзілүінің ток бойынша шығымына ерітінді pH мәнінің әсері

Графит анодтағы ток тығыздығы  $i_a = 200 \text{ A/m}^2$ , кальций хлориді концентрациясы - 100 г/л, температура  $40^\circ\text{C}$  және ерітінді pH мәні 6-ға тең аумақтарда хлорат- иондарының түзілүінің ток бойынша шығымының максимальді мәні байқалады.


Графит электродындағы ток тығыздығын  $200-1000 \text{ A/m}^2$  аралығында өзгеруінің электролиз процестеріне әсері жан-жақты зерттелді. Ток тығыздығы артқан сайын кальций хлораты түзілүінің ток бойынша шығымы 67%-дан 25% -ға дейін төмендейтін байқалды (2-сурет). Ток тығыздығы артқан сайын анодта хлор газының бөліну жылдамдығы өседі, нәтижесінде бөлінген хлордың көшпілік мөлшері ерітіндімен және гидроксид- иондарымен (1 және 5 реакциялар) химиялық

әрекетесіп үлгермей, сыртқа ұшып кетеді. Сондай-ақ, графитті анодтардың тозуы анодты тоқтығызырының  $800\text{-}1000 \text{ A/m}^2$  ара қашықтығында күрт жоғарлай түседі. Кальций хлоридінің хлоратқа дейін электрохимиялық тотығу процесі электролиттің pH мәніне және анод материалдарына [19, 20] тікелей тәуелді екендігі белгілі. Сол себепті бұл жағдайда электролизде жоғары тоқтығызықтарында жүргізу тиімсіз.



$$t = 40^\circ\text{C}; \tau = 0,5 \text{ сағ}; \text{CaCl}_2 - 100 \text{ г/л.}$$

2-сурет – Кальций хлораты түзілуінің тоқ бойынша шығымына анодтың тоқтығызырының әсері



$$i_a = 200 \text{ A/m}^2; t = 40^\circ\text{C}; \tau = 0,5 \text{ сағ.}$$

3-сурет – Кальций хлораты түзілуінің тоқ бойынша шығымына  $\text{CaCl}_2$  концентрациясының әсері

3-суретте кальций хлораты түзілуінің тоқ бойынша шығымына кальций хлориді концентрациясының әсері көрсетілген, зерттеу 60 г/л-140 г/л аралығында жүргізілді. Кальций хлориді концентрациясын 140 г/л-ге дейін жоғарылатқанда хлорат иондарының түзілуінің тоқ бойынша шығымы 82%-ға дейін артады, бұл қыбылыс хлор иондарының диффузиялық шектелуінің төмендеуіне байланысты.

Айта кету керек, кальций хлоридінің концентрациясының төмендеуі графитті анодтардың тозуына мәрдымды әсер етеді. Хлорид иондарының концентрациясы 80 г/л болғанда графит анодтар бұл концентрация 120 г/л болғандағыға қарағанда екі есе төзірек тозатындығы әдеби мәліметтерден белгілі.

Кальций хлораты түзілуінің тоқ бойынша шығымына температуралың әсері кестеде көтілген. Зерттеу нәтижелері бойынша  $200 \text{ A/m}^2$  тоқтығызырында ерітінді температурасын  $10^\circ\text{C}$ -тан  $40^\circ\text{C}$ -қа дейін жоғарылатқанда кальций хлораты түзілуінің тоқ бойынша шығымы 28%-дан 67%-ға дейін артты. Температура жоғарлаған сайын, хлораттың қосылысының химиялық түзілу сатысының жылдамдығы да арта түседі. Бірақ температуралы жоғарлатқан сайын анодтардың тозыштығы да артады, сондыктан графитті анодтарда электролизде әдетте  $40^\circ\text{C}$  жоғары температурада жүргізбекен дұрыс.

Кальций хлораты түзілуінің тоқ бойынша шығымына электролит температурасының әсері  
( $i_a = 200 \text{ A/m}^2; \tau = 0,5 \text{ сағ}; \text{CaCl}_2 - 100 \text{ г/л}$ )

$t, ^\circ\text{C}$	10	20	30	40
TШ, %	28,6	41,2	52,5	67,0

Ерітінді температурасын жоғарылатқан сайын тоқ бойынша шығымының артуын, ерітінді құрамындағы молекулалар активтілігінің артуымен және осыған байланысты иондар қозғалыштығының жоғарылауымен олардың әрекеттесу жылдамдығының артатындығымен түсіндіруге болады.

Корыта келгенде, жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижелерінде, кальций хлоридінің сулы ерітіндісін электрод кеңістіктері бөлінбеген жағдайда электролиз арқылы кальций хлоратын синтездеудің жаңа тиімді әдісі жасалды. Электролиз кезінде хлораттардың түзілуінің тоқ бойынша шығымына электрохимиялық параметрлердің (электролит концентрациясы, электролиттің pH мәні,

графит электродындағы анодты тоқ тығыздығы) өсерлери зерттелінді. Электролиздің тиімді жағдайларында ( $i_a=200\text{A/m}^2$ ;  $t=40^\circ\text{C}$ ;  $\text{pH}=6,0$ ;  $\text{CaCl}_2=100\text{г/л}$ ) кальций хлораты түзілуінің тоқ бойынша шығымы 67,0% тең болатындығы анықталды.

### ӘДЕБИЕТ

- [1] Зубкова Н.Ф., Грузинская Н.А. Применению и особенности действия дефолиантов и десикантов // Агрохимия. – 1991. – № 8. – С. 126-143.
- [2] Богомолова И.В. Неорганическая химия. – Издательство: Альфа-М, НИЦ Инфра-М, 2015. – 336 с.
- [3] Попков В.А., Пузаков С.А. Общая химия. – М., 2010. – С.362-365, 474, 483-485.
- [4] Якименко Л.М. Производство хлора, каустической соды и неорганических хлорпродуктов. – М.: Химия, 1974. – 600 с.
- [5] Фиошин М.Я. Успехи в области электросинтеза неорганических соединений. – 1974. – 17-45 б.
- [6] Якименко Л.М. Электрохимические процессы в химической промышленности: производство водорода, кислорода, хлора и щелочей. – М.: Химия, 1981. – 280 с.
- [7] Москвичев Ю.А., Фельдблум В.Ш. Химия в нашей жизни (продукты органического синтеза и их применение): Монография. – Ярославль: Изд-во ЯГТУ, 2007. – 411 с.
- [8] Эшмуратова М.Ш. Исследование технологии получения дефолианта на основе хлората магния, карбамида и нитрата гуанидина: Дис. ... академической степени магистра. – Навои, 2014. – 74 с.
- [9] Трапезников Ю.Ф. Обезвреживание хлорсодержащих газов содовым раствором и известковым молоком // Хим. промышлен. – 2003. – Т. 80, № 5. – С. 27-30.
- [10] Патент UZ № 1A 2009 0300. Состав для дефолиации хлопчатника / Искандаров Т.И., Махматхонов М.М. Раҳмон-Заде., Искандарова Г.Т. Официальный бюллетень, 2011. № 4. С. 9-10.
- [11] Бахир В.М., Леонов Б.И., С.А.Паничева, Прилуцкий В.И., Шомовская Н.Ю. Химический состав и функциональные свойства хлорсодержащих дезинфицирующих растворов // Вестник новых медицинских технологий. – 2003. – № 4.
- [12] Хамдамова Ш. Получение дефолиантов на основе хлоратов, этианоламинов и 2-хлоретилфосфонатов этианоламмония.: Автореф. дис... канд. техн. наук. – Ташкент, 2005. – 23 с.
- [13] Список химических и биологических средств борьбы с вредителями, болезнями растений и сорняками, дефолиантов и регуляторов роста растений, разрешенных для применения в сельском хозяйстве Республика Узбекистон на 2002–2006 годы. – Ташкент, 2002. – 96 с.
- [14] Фрумина Н.С., Кручкова Е.С., Муштакова С.И. Аналитическая химия кальция. – М.: Наука, 1974. – 252 с.
- [15] Белкин А.В., Яковлева С.А., Кудрявский Ю.П. Технология разложения пульпы гипохлорита кальция отходами производства красителей, содержащих тиосульфат натрия // Цветная металлургия. – 2000. – № 1. – С. 16-18.
- [16] Мишурина О.А., Чупрова Л.В., Мулина Э.Р. Химические превращения кислородсодержащих ионов хлора растворов при разных значения диапазона pH // Международный журнал прикладных и фундаментальных исследований. – 2014. – № 2. – С. 43-46.
- [17] Якименко Л.М., Серышев Г.А. Электрохимический синтез неорганических соединений. – М.: Химия, 1984. – С. 31-70.
- [18] Зарецкий С.А., Сучков В.Н., Животинский П.Б. Электрохимическая технология неорганических веществ и химические источники тоқа. – М.: Высшая школа, 1980. – 423 с.
- [19] Слипченко А.В., Максимов В. В., Кульский Л. А. Современные малоизнашиваемые аноды и перспективы развития электрохимических технологий водообработки // Химия и технология воды. – 1993. – Т. 15, № 3. – С. 180-231.
- [20] Жук А.П. и др. Малоизнашиваемые аноды и применение их в электрохимических процессах // Тез.докл. V Всесоюзного совещания. – М.: ЦГНХО им. Д. И. Менделеева, 1984. – С. 61-76.

### REFERENCES

- [1] Zubkova N.F., Gruzinskaya N.A. Primeneniyu i osobennosti deystviya defoliantov i desikantov // Agrohimiya. 1991. N 8. P. 126-143.
- [2] Bogomolova I.V. Neorganicheskaya himiya. Izdatelstvo: Alfa-M, NITs Infra-M, 2015. 336 p.
- [3] Popkov V.A., Puzakov S.A. Obschaya himiya. M., 2010. P. 362-365, 474, 483-485.
- [4] Yakimenko L.M. Proizvodstvo hlora, kausticheskoy sodyi i neorganicheskikh hlorproduktov. M.: Himiya, 1974. 600 p.
- [5] Fioshin M.Ya. Uspehi v oblasti elektrosinteza neorganicheskikh soedineniy. 1974. P. 17-45.
- [6] Yakimenko L.M. Elektrohimicheskie protsessyi v himicheskoy promyshlennosti: proizvodstvo vodoroda, kisloroda, hlora i schelochey. M.: Himiya, 1981. 280 p.
- [7] Moskvichev Yu.A., Feldblyum V.Sh. Himiya v nashey zhizni (produktyi organicheskogo sinteza i ih primenie): Monografiya. Yaroslavl: Izd-vo YaGTU, 2007. 411 p.
- [8] Eshmuratova M. Sh. Issledovanie tehnologii poluchenija defolianta na osnove hlorata magniya, karbamida i nitrata guanidina. Dissertatsiya na soiskanie akademicheskoy stepeni magistra. Navoi, 2014. 74 p.
- [9] Trapeznikov Yu.F. Obezvrezhivanie hlorsoderzhaschih gazov sodovym rastvorom i izvestkovym molokom // Him. promyshlen. 2003. Vol. 80, N 5. P. 27-30.
- [10] Patent UZ №1A 2009 0300. Sostav dlya defoliatsii hlopchatnika / Iskandarov T.I., Mahmathonov M.M. Rahmon-Zade., Iskandarova G.T. Ofitsialnyiy byulleten. 2011. N 4. P. 9-10.
- [11] Bahir V.M., Leonov B.I., S.A.Panicheva, V.I.Prilutskiy, N.Yu.Shomov-skaya. Himicheskiy sostav i funktsionalnyie svoystva hlorsoderzhaschih dezinfitsiruyuschih rastvorov // Vestniknoviyih meditsinskikh tehnologiy. 2003. N 4.

- [12] Hamdamova Sh. Poluchenie defoliantov na osnove hloratov, etanolaminov i 2-hloretilfosfonatov etanolammoniya: Avtoref. dis... kand. tehn. nauk. Tashkent, 2005. 23 p.
- [13] Spisok himicheskikh sredstv borbi s vreditelyami, boleznyami rasteniy i sormyakami, defoliantov i regulatorov rosta rasteniy, razreshennyih dlya primeneniya v selskom hozyaystva Respublika Uzbekiston na 2002–2006 godi. Tashkent, 2002. 96 p.
- [14] Frumina N.S., Kruchkova E.S., Mushtakova S.I. Analiticheskaiya himiya kalsiya. M.: Nauka, 1974. 252 p.
- [15] Belkin A.V., Yakovleva S.A., Kudryavskiy Yu.P. Tehnologiya razlozheniya pulpy gipohlorita kalsiya othodami proizvodstva krasiteley, soderzhaschih tiosulfat natriya // Tsvetnaya metallurgiya, 2000. N 1. P. 16-18.
- [16] Mishurina O.A., Chuprova L.V., Mullina E.R. Himicheskie prevarscheniya kislorodsoderzhaschih ionov hlora rastvorov pri raznykh znacheniya diapazona pH // Mezhdunarodnyi zhurnal prikladnyih i fundamentalnyih issledovaniy. 2014. N 2. P. 43-46.
- [17] Yakimenko L.M., Seryshev G.A. Elektrohimicheskiy sintez neorganicheskikh soedineniy. M.: Himiya, 1984. P. 31-70.
- [18] Zaretskiy S.A., Suchkov V.N., Zhivotinskii P.B. Elektrohimicheskaya tehnologiya neorganicheskikh veschestv i himicheskie istochniki toka. M.: Vysshaya shkola, 1980. 423 p.
- [19] Slipchenko A.V., Maksimov V.V., Kulskiy L.A. Sovremennye maloiznashivaemye anody i perspektivnyi razvitiya elektrohimicheskikh tehnologiy vodoobrabotki // Himiya i tehnologiya vodyi. 1993. Vol. 15, N 3. P. 180-231.
- [20] Zhuk A.P. i dr. Maloiznashivayuschesya anody i primenie ih velektrohimicheskikh protsessah // Tez. dokl. V Vsesoyuznogo soveschaniya. M.: TsPNHO im. D. I. Mendeleva, 1984. P. 61-76.

**Г. Н. Жылысбаева<sup>1</sup>, А. К. Амирбекова<sup>1</sup>, А. Б. Баевов<sup>2</sup>, А. С. Калирбаева<sup>2</sup>, М. Ж. Журинов<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>Международный казахско-турецкий университет им. Х. А. Ясави, Туркестан, Казахстан,

<sup>2</sup>Д. В. Сокольский атындағы Жанармай катализ және электрохимия институты АҚ, Алматы, Қазақстан

## РАЗРАБОТКА ЭЛЕКТРОХИМИЧЕСКОГО СПОСОБА ПОЛУЧЕНИЯ ХЛОРАТА КАЛЬЦИЯ

**Аннотация.** Показана возможность получения хлората кальция путем электролиза без разделения электродных пространств с использованием растворов хлорида кальция в качестве электролита. Приведены результаты процесса анодного окисления хлорид-ионов до гипохлорит-ионов и далее, до хлорат-ионов на графитовом электроде. Установлено, что максимальная величина выхода по току образования хлорат-ионов наблюдается при pH=6. При изменении плотности тока на графитовом аноде в интервале 200-1000 А/м<sup>2</sup> происходит уменьшение выхода по току образования хлорат-ионов от 67 до 25%. Варьирование концентрации хлорида кальция в растворе в пределах 60-140 г/л приводит к возрастанию выхода по току образования целевого продукта до 82%. Установлено, что при образовании хлората имеют место и химические процессы окисления хлорид-ионов. Увеличение выхода по току с повышением температуры объясняется тем, что возрастает активность молекул в растворе и подвижность ионов и в этой связи увеличивается скорость их взаимодействия. Установлено, что при оптимальных значениях электролиза ( $i_a=200\text{A/m}^2$ ;  $t=40^\circ\text{C}$ ;  $\text{pH}=6,0$ ;  $\text{CaCl}_2 - 100\text{ g/l}$ ) выход по току образования хлората кальция равен 67,0%.

**Ключевые слова:** хлорат, гипохлорит, электролиз, процесс, механизм, электролит, окисление, диффузия, катод, анод.